



Қазақстан Білім және Ғылым Министрлігі

Бекітемін:

“Айлин” балалар  
бөбекжай бақшасы

М.А.Давидбекова



“Қарлығаш” ересек тобы

# Ертеңгілік

Тақырыбы: “Қош келдің, Жаңа жыл!”

Тәрбиеші: Ермахан М.

2021-2022оқу жылы



## « Қош келдің Жаңа жыл »

**Мақсаты:** балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязатаның, Ақшақардың, Қоянның карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

**Қатысушылар:** жүргізуші, Аязата, Ақшақар, Қоян, Клоун, балалар, ата - аналар.

*Музыка ойнап тұрады.*

**Жүргізуші:** (жүргізушінің дауысы тыс жерден шығады) Тезірек, тездетіп мұнда жиналыңдар. Басталады Жаңа жылдық карнавал, маска да бар, би де бар, асығыңдар, шырша жанында қонақтарды қарсы алыңдар. Аязата шақырғанның бірі дағы қалмайды. Басталады, басталады, жаңажылдық карнавал! Карнавалдың иелерін қарсы алайық! (қол шапалақтау, балалар екі - екіден кіреді)

**Жүргізуші:** Армысыздар, аяулы ұстаздар, ата - аналар! Сәлеметсіздер ме, балалар. Сендер бүгін, сәнді киініп, әдемі болып кетіпсіңдер. Мына жерде орман аңдары, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері де жетіпті. Ал, бүгін балалар, қандай мереке?

**Балалар:** Жаңа жыл!

**Жүргізуші:** Жаңажылдық ертеңгілігімізді ашудағы құттықтау сөзін балабақша меңгерушісіне беріледі.

**Жүргізуші:** Балалар бүгін біз Жаңа жылды қарсы алуға жиналдык. Келіңдер, сән құрап тұрып, қол ұстасып жүріп ән салайық.

**Ән:** «*Аппақ, апппақ жапалақтап*»

**Жүргізуші:** Балалар, ортамыздағы әсем не?

**Балалар:** Шырша!

**Жүргізуші:** Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Ал, кім бізге шыршаға арналған тақпақтарын айтып береді екен?

Жасыл шырша орманнан,  
Бізге арнайы келіпті.  
Ойыншығын балалар,  
Шыршаға әсем іліпті.

Әсем шырша сәнденген,  
Өз аңдарын күтеді.  
Жаңа жылмен бірге біз,  
Орманға кеп жетеді.

Тамаша, тамаша,  
Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар, қандай жақсы тақпақтар! (шыршаның жанына жақындап келіп) бәрекелді, қараңдар балалар, шыршаның астында бірдеңе тұр! Сыйлықтар! Сыйлық алу қандай тамаша, келіндер, балалар, сыйлықты ашып көрейік. *(көңілді муз. Ойнайды, қорапты ашады, оның ішінен Клоун атып шығады.)*

**Клоун:** Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін. Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды! Ол жерде тар, әрі қап - қараңғы. Ал, мұнда сондай тамаша екен! Мен де сендермен жаңа жалды қарсы алайыншы, сендермен бірге қызықты ойынды ойнайыншы!

**Ойын: «Кім жеңеді?» (4 орындықпен)**

**Жүргізуші:** Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балаларымыз бар, ата - аналарымыз, көрермендеріміз де бар екен, енді, біздің жаңа жылдық мерекемізге кім жетпейді?

**Балалар:** Аязата, Ақшақар.

**Жүргізуші:** кәне, онда Аязатаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.

**Балалар:** Аязата, Аяз ата *(деп 2 рет айтқанда, есік ашылады да, Қоян кіріп келеді.)*

**Қоян:** Ойбай түрлерін қара! Неге тамақтарыңды жыртып жатырсыңдар?!

**Жүргізуші:** Ал, сен неге амандаспайсың? Әдепті адам алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?

**Қоян:** Білсем бұйырмасын!

**Жүргізуші:** Мұны тіпті мына бүлдіршіндеріміз біледі. Ал, саған тіпті ұят. Саған ешкім үйреткен жоқ па?

**Қоян:** Жоқ.

**Жүргізуші:** Сен өзі қайдан шықтың? Біз Аяз атаны шақырып едік қой?!

**Қоян:** Ал, мені мерекеге неге шақырмайсыңдар? Аязата сендерге бәрібір келмейді, өйткені мен ормандағы жол көрсететін белгіні алып тастадым, енді ол жол таба алмайды ха - ха - ха *(деп секіреді)*

**Жүргізуші:** неге олай еттің? Аязата, Ақшақарсыз қандай жаңа жыл келмек?

**Қоян:** Ә, бәлем, солай ма екен! *(осы кезде боранның гуілдеген дыбысы естіледі. Қоян тоңа бастайды да, біреулердің киімдерінің астына кіріп, ата - аналарға тығылып, соңында шыршаның астына тығыла бастайды )*  
*Алыстан Аязатаның дауысы естіледі.*

**Жүргізуші:** Аязата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін, шақырайық, қол соғайық, болған қиындықтарды ұмытайық!

**Балалар:** Аязата, Ақшақар!

**Аязата:** Сәлематсыңдар ма, балалар!

Күнтізбеде қалыпты жалғыз ғана бір парак,

Дайындалдым жыл бойы,

Жолға шығар келді уақ!

Шақырымды жүздеген

Басып өту мен үшін  
Жаңа жылдың түнінде  
Жасыл шырша түбінде.  
Кездесем деп сендермен,  
Тарасам екен сыйлықтар,  
Одан асқан не сый бар.  
Қуаныш сыйлау балаға  
Одан зор бақыт бола ма!  
Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!  
Балалар, мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Кәне, сиқырлы сөздерімізбен  
оның шамдарын жарқыратайық!  
Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат! (3 рет айту керек)  
**Балалар:** Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат.(қолдарын шапалақтатады)  
Шырша жарқырайды.  
**Аязата:** Балалар, менің қарша қызым қайда жүр екен, кім тауып береді екен маған?

Мұздан моншақ тағынып,  
Күміс қырау жамылып.  
Ортада тұр Ақшақар,  
Көптен күтіп сағынып.

Кел билейік сенімен,  
Деймін тартып жеңінен  
Еріп кетпе Ақшақар.  
Адамдардың демімен.

Міне тағы келіп тұр,  
Жаңа бір жыл балалар.  
Жадыратып жер үстін  
Төрімізге ол шыққан.

Аспан жерге төгеді,  
Ақ күмісін уыстап,  
Жаңа жылда келеді  
Бізге қарай жылыстап.

Жүзімізге күлкі ойнап  
Қанаттанды жанымыз.  
Жаңа жылды біз тойлап  
Шаттанамыз бәріміз.

**Аязата:** Бәрежелді, бәрежелді. Менің Ақшақарым қазір келіп қалар, мынадай тақпақтардан кейін кідірмес. Клоун балам, сыйлықтарын берейік тақпақ айтқан балаларға.

**Жүргізуші:** Аязата, мен де, жұмбақтап жіберсем қайтеді?

Ертегідей орманнан

Көктей өтіп келеді.

Сұңқар бойлы бір сұлу

Табыңдаршы, аты кім?

**Балалар:** Ақшақар! (*музыкамен Ақшақар кіреді*)

**Ақшақар:** Сәлеметсыңдар ма, балалар! Орманды көктей өтіп жеттім - ау сендерге.

Қандай әдемі, неткен сұлу шырша! Мен білемін бір ойын:

Үйретейін сендерге

Мен бастайын, ал, сендер аяқтаңдар ойынды. Хормен жауап айтыңдар! Қарға мүлгіп дала тұр, келе жатыр....

**Балалар:** Жаңа жыл!

**Ақшақар:** Қызыл мұрын, ақ мұртты білсең атын тез ата, келеді бізге.....

**Балалар:** Аяз ата!

**Ақшақар:** Шырша бүгін кәделі! Сендер әрі....

**Балалар:** Әдемі!

**Ақшақар:** Көңілсіз бір бала жоқ, ойын – күлкі таралсын.

Құтты болсын....

**Балалар:** Жаңа жыл! (3 рет)

**Аязата:** Бәрежелді, ал, енді балалар тақпақтарын айтып берсін.

Бізді байтақ далада,

Асқар тауда қалада.

Биыл ғажап іс болды,

Таң ғажайып қыс болды.

Жаңа жылмен, жаңа жылмен,

Құттықтаймыз әрине.

Әкемізді, анамызды

Қонақтардың бәрін де!

Бір топ бала сырғанап,

Би билейік зырлайық.

Қалды артта қар алып,

Іздерінен қар ұшып.

Кел жаңа жыл біздерге,

Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Қызыл ала шапаны,  
Сағындым Аязатаны.

Далада қар борайды,,  
Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады қатады,  
Жап - жалтар боп жатады.

Қыс келді, Қыс келді.  
Ақтарып ақ қарды.

Қызыл ала шапаны  
Сағындым Аязатаны.

Ақшақар ойын ойнатады.

**Жүргізуші:** Кәне, балалар, бәріміз «Жаңа жыл!» әнін жақсылап айтып жіберейік,  
Аязатамызбен Ақшақарымызбен, Жаңа жыл бар, Клоун бәріміз!

**Ән:** «Жаңа жыл!»

**Аязата мен Ақшақар сыйлықтар таратады.**

**Ақшақар:** Мінекей, балалар, сендермен қоштасатын да кез келді.  
Сендерді қимай тұрмыз, барлығың да көңілді, әдемі бала екенсіңдер.

**Аязата:** Жаңа жылда, балалар, тек қуаныш көріңдер.

Ауырмандар ешқашан, мықты болу өзіңнен.

**Ақшақар:**

Жаңа жылда, балалар, тек жақсылық көріңдер.

Жылау, ауру, жамандық қастарыңда болмасын.

Сау болыңдар, балалар



Қазақстан Білім және Ғылым Министрлігі

Бекітемін:  
“Айлин” балалар  
бөбекжай бақшасы  
М.А.Давидбекова

“Қарлығаш” ересек тобы



# Ертеңгілік

Тақырыбы: “Ана гүл, ана жыр,  
ана өмір шуағы!”

Тәрбиеші: Ермахан М.

2021-2022оқу жылы



## АНА – ГҮЛ , АНА ЖЫР, АНА – ӨМІР ШУАҒЫ .

Қош, келдіңіздер! Аяулы аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі ұстаздар!  
Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 8 – наурыз  
Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осынау көркем мерекенің қай  
кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға ыстық сезім, алғыс пен  
құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр  
отбасының алтын діңгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек  
аналар мен ажарлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзін деп сокса, бүгінгі  
«Ана – гүл, ана – жыр, ана – өмір шуағы» - атты ертеңгілігіміз сіздерге  
арналады.

Енді балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар. Қошеметпен балаларды  
шақырайық.

(балалар орындықтардың алдына келіп тұрады)

**Хормен**

Үлкенге де сіз, кішіге де сіз,

Құрметпенен сіздерге, бас иеміз біз!

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін

Мерекелі осы күн!

1.Сәлеметсің бе Алтын күн!

Сәлеметсің бе Жер ана!

Сәлеметсің бе көк аспан!

Сәлеметсіздер ме қонақтар!

2.Бүгінгі көктем күнінде,

Барлық адам қуанар,

Аналарды мейраммен

Құттықтайды балалар.

3.Өзің мені өсірген,

Айналайын ақ әжем.

Тентек болсам кешірген

Шөлдедің бе дана әжем.

4.Ақ қабақты анашым

Күн сәулелі анашым.

Әлпештеген баласын,

Айналайын анашым.

5.Әр сөзімді жаттаған,  
Жүрегімде сақтаған.  
Анашым деп мақтанам,  
Айналайын ақ анам!

6.Көктем келді шуақты,  
Балаларды қуантты.  
Алақай-ау, алақай!  
Құстар сайрап, бақтар жайнап,  
гүл атты!

7.Айналайын анашым,  
Әлпештеген баласын.  
Еміп өскен бөбекпіз,  
Анамыздың мамасын.

8.Анамды мен жақсы көрем,  
Айтқан тілін алып жүрем.  
Қасымда анам жүргенде,  
Шаттанып ойнап- күлем!

9.Мен үшін не керек – бәрін іздеп табасын.  
Айналайын анашым, жұмысыңа барасың.  
Қайтып мені көргенде,  
шын сағынып қаласың.

10.Қандай бала болмайық,  
Анамызға балдаймыз,  
Көтерейікші көңілін  
Ән салайық бәріміз.

Ән «Айналайын, ақ мамам!» (отырады)

**Жүргізуші:** Біздің ұлдарымыз қыздарға тосын сый дайындап келді ғой. Бізге қонақтарды шақырды. Балалар, оны шақырайық па?

**Балалар:** Иә!

Бәрі шапалақтайды. Залға **сайқымазақ** келеді.

**Сайқымазақ:** Сәлеметсіңдер ме, достар! Сәлеметсіздер ме, кымбатты ата-аналар!

**Жүргізуші:** Сәлеметсің бе, сайқымазақ!

**Сайқымазақ:** Менің атым Тили Вили. Мен сендерді сонау Америкадан құттықтауға келдім. Хелоу! Хелоу! Хелоу!  
(балалардың қолынан ұстап амандасады).

**Сайқымазақ:** Мен бүгін мереке бойы сендерді күлдіртіп, көңіл күйлеріңді

көтеремін.

Ал қазір мен сендерге акробатикалық номерді көрсетеміз.

(Сайқымазақ басына тұрайын деп, құлай береді).

(Бәрі күледі)

**Жүргізуші:** Қой Тили Вили Сен мойыныңды сындырарсың. Оданда біздің балаларымыздың биін қабыл ал.

11.Ой балалар, балалар

Ойналық та күлейік

Қане енді бұралып

Би билеп те берейік

(Гүлдермен би билейді)

**Сайқымазақ:** Қандай жақсы би. Енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

**Ойын «Гүлді жина» эстафетасы**

**Ойынның шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топ 5 баладан. Алдарында орындықтың үстінде бес гүл жатыр. Балалар сол гүлдерді кезек кезек бір бірден алады. Сосын құмыраға салады.

**Сайқымазақ:**

Ал мен әнді жақсы айтамын, маған микрофон беріңіз, моэстро музыку.

(музыка ойнайды, сайқымазақ ырғағына қарамай біресе төмен, біресе жоғары айтады)

**Жүргізуші:** Тили Вили сен босқа өз тамағыңды шаршатпа.

Біздің балалар өлең ,тақпақ айтып береді

Тақпақтар:

**Өлең :Менің әжем айдай**

**Сайқымазақ:** Енді құлақтарыңның естуін тексерейік. Қазір сендер көздеріңді жұмып отырыңдар. Ал бір баланың анасы оны «қошақаным» немесе «ботаканым» деп шақырады. Сендердің мақсаттарың ананың даусын тану.

**Ойын «Ананы дауысынан тану»**

**Жүргізуші:** Тили Вили сен көп ойындарды біледі екенсің.

**Сайқымазақ:** Иә, білемін. Тағы ойнаймыз ба, балалар?

**Балалар:** Иә.

**Сайқымазақ:** Ал, қазір маған 2 бала анасымен ортаға шығады. Балалар аналарына қалай көмектеседі екен, соны көрейік.



«Ailin» balalar bobekjai baqashasy

Бекітемін

Менгерушісі



М. А. Давидбекова

«Келді міне Алтын күз»

Ересек топ «Қарлығаш»

Тәрбиеші Ермахан М

2022 ЖЫЛ

**Мақсаты:** Балаларға күз туралы түсінік беру. Ой-өрісін тілін дамыту. Жылдың төрт мезгілін айыра білу. Күздің жомарттылығын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Құлпынай:**

Қуандырып біздерді,  
Мерекелік күз келді.  
Кел жемісті алтын күз,  
Кемелденсін халқымыз.  
Жапырақты тасалап,  
Өсетін жерім баақша-бақ.  
Күрең қызыл шіркін-ай,  
Менің атым құлпынай.

Саламатсыңдар ма, құрметті ата-аналар, бал қылықты бүлдіршіндер және ұстаздар! Бүгінгі алтын күз мерекесіне арналған «Күз жомарт» атты ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

-Балалар күз туралы және оның ерекшеліктері туралы кім біледі?

**Бала:** Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырақтары сары, қызыл түске ал, шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

**Бала:** Жауын-шашын көбейіп күн суытады. Күзде жеміс-жидектер, көкөністер бақша дақылдары, егістіктерде астық пісіп, қамбаларға жиналады. Күз жылдың берекелі мезгілі. Сонықтан күз жомарттылығымен белгілі.

**Құлпынай:** Дұрыс айтасындар балалар. Балалар тыңдайықшы сыртта бір дауыс естіліп жатқандай, кім болды екен?

***Осы кезде залға «Қоян» тұлкіден қашып кіріп келеді.***

**Қоян:** Саламатсыңдар ма, балалар!

Мен қоянмын!

Мен тұлкіден қашып кеттім. Мені тұлкі іздеп жүр.

Көкөністер сендер мені жасырыңдаршы.

***Осы кезде залға тұлкі қоянды іздеп кіреді,***

**Тұлкі:** Ой, бұл жерде не тойланып жатыр.

А, солайма? Мен қояннан айырылып қалдым, қашып кетті,

Балалар сендер қоянды көрмедіңдер ме?

Балалардың жауабы: Көрдік қоян ана жаққа кетті.

Тұлкі залдан шығып қоянды іздеп кетеді.

**Қоян:** Балалар рахмет сендерге. Сендер мені тұлкіден құтқарып қалыңдар. Тұлкі залға кіріп келіп, қоянды ұстап алады.

**Құлпынай:** Тұлкі сен қоянды тиіспе. Одан да бізбен бірге «Алтын күз» мерекесін тойла. Келіндер балалармен бірге ән орындайық.

***Ендеше бәріміз бірге «Күз жомарт» әнін орындайық***

***Хор «Күз жомарт»***

***«Күз ханшайымы» кіріп келеді.***

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіңдер ме балалар!

-Мені таныдыңдар ма?

-Ия, мен күз ханшайымын.

**Күз ханшайымы:** Жарайсыңдар балалар! Мен өзіммен бірге алтын жапырақтармды ала келдім. Әр жапырағымда күз мезгіліне байланысты сұрақтар ар. Сұрақтарды дұрыс тапсаңдар, сендерге арнайы сыйлығым бар.

**Құлпынай:** Әрине, қымбатты күз ханшайымы! Біздің балалар күз туралы өлең, тақпақтар біледі және жұмбақтарды да шеше алады. Сіз жайланып отырып балалардың өнерін тамашалаңыз.

***Би: «Жапырақтар» қыздардың орындауында***

**Құлпынай:** Міне, Күз ханшайымының бірінші тапсырмасы.

1-сұрақ: Күз айларын атаңдар

**Балдардың жауабы:** (қыркүйек, қазан, қараша)

**Құлпынай:** Ендеше ортаға күз айларын шақырайық.

1-бала: (Қыркүйек) Ханшайым

Бірінші қыркүйек,

Білімге бастады.

Мал мен аң жүр билеп,

Құс шарлап аспанды.

2-бала: (Қазан) Көзайым

Жаңартқан ғаламды,

Жаңбырлы ғажап ай.

Осынау заманды,

Орнатқан қазан ай.

3-бала: (Қараша) Диана

Мол байлық тергені,

Шаттығы қаншалық.

Қарашы өрледі,

Қараша ән салып.

**Құлпынай:** Мінеки, балалар күз айларымен таныстыңдар.

Өнім биыл тамаша!

Көз тоймайды қараса:

Сәбіз, пияз, қияр, картоп, Асқабақ, қызылша.

Қызанақ, орамжапыраққа қарашы.

Көкөністер бір жерде жиыла қалып дауласты

**Балалар (хормен):**

Жиналып қаппыз бәріміз, Қайсымыз ең дәмдіміз?

4-бала: (сәбіз) Айсұлтан

Кім бар сәбіз шырынын

Жастайынан ішпеген?

Мені жеген адамдар

Кем болмайды күшке де!

5-бала: (пияз) Заңғар

Боламын мен дәмдеуші

Барлық-барлық тағамға

Көкөністер ішінен

Мен пайдалы адамға.

6-бала: (қияр) Дамир

Дәмім тілді үйірген

Мен тұздалған күйімде!

Жаңа піскен кезімде

Жейді бәрі сүйсіне!

7-бала: (картоп) Абдулла

Мен ұялшақ картоппын

Мен емеспін мақтанар

Мені жақсы көреді

Үлкендер мен балалар.

8-бала: (асқабақ) Алинур

Өсем бақша-бауында

Қатты ұқсаймын қауынға

Жемек болып шикідей

Күлкі болып қауымға.

9-бала: (қызылша) Нұрасыл

Мен де бір сөз айтайын

Мақтанайын сіздерге.

Менсіз борщ болмайды

Винегрет те үстелде.

10-бала: (қызанақ) Рамазан  
Піскен кезде қызанақ  
Көз тартар қызыл түсімен  
Бар ма адам сүйсінбей?

11-бала: (орамжапырақ) Нұрислам  
Мақтанғаннан не пайда?  
Менсіз дәмді ши қайда?  
Мені қосса самсаға,  
Бәрі жейді тамсана.

**Құлпынай:**

Бос айтысты қояйық,  
Дауласуды тоқтатайық!  
Көкөністер бәріде  
Денсаулыққа пайдалы!  
Мұны жақсы біліңдер,  
Оларды жақсы көріңдер.  
Келесі кезекте, көкөністердің биін тамашалаңыздар!

**Би: «Көкөністер биі» ұлдардың орындауында.**

**Құлпынай:** Қане, балалар, Күз ханшайымының екінші тапсырмасын орындайық. Екінше тапсырмасы ол ойын «Кім жылдам?» деп аталады. Ойын шарты бойынша ұлдар бір себетке көкөністерді жинайды, ал қыздар екінші себетке жемістерді жинайды.

**Ойын: «Кім жылдам?»**

**Құлпынай:** Күз ханшайымы, балалардың ойынына баға беріңіз.

**Күз ханшайымы:** Жарайсыңдар, балалар! Көкөністер мен жемістерді дұрыс ажыратып жинадыңдар. Енді үшінші тапсырмамды тыңдаңдар, жұмбақ шешу.

3-тапсырма:

1. Жазда інге тығылып,  
Жатқан қызыл түлкіні  
Құйрығынан суырып, Әкелді әжем бір күні. Бұл не? (сәбіз)

2. Жайлы, жұмсақ төсегім,  
Домаланып өсемін  
Қабат-қабат тоным бар  
Қалай оны шешемін. Бұл не? (орамжапырақ)

3. Қалың киім ұнатады,  
Шешіндірсең жылатады,  
Бұл не? (пияз)

**Күз ханшайымы:** Жарайсыңдар, балалар! Жұмбақты да шеше аласыңдар.

**Ән: «Жау- жау, жаңбыр»**

**Күз ханшайымы:** -Өте тамаша, балалар! Қазір менімен ойын ойнайсыңдар ма?  
Бұл ойын «Қай жеміс?» деп аталады. Көздерінді жұмып, жемісті жеп, қай жеміс екенін айтасыңдар. (Бір ыдыста туралған әр-түрлі жемістер)

**Құлпынай:** ал енді, балалардың тақпақтарын тыңдайық.

**Күз ханшайымы:** рахмет балалар! Өнершіл – өрендерім! Міне, менің сыйлығым бір себет күз сыйы. Сендерге денсаулық, шаттық және байлық әкелсін.

**Құлпынай:** Күз ханшайымы, саған мың алғыс! Бүгінгі сыйлығына рахмет. Бізге тағы кел, біз сені сағына күтеміз.

**Күз ханшайымы:** Берекелі бақ дәулет  
Арта түссін тойланып.  
Сау болыңдар, балалар,  
Келгенше жыл айналып.

**(осы кезде әуен ойналады, Күз ханшайымы қоштасып кетеді)**

Қош бол, Күз ханшайымы!

**Құлпынай:** Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді-дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек.

Міне, құрметті қонақтар осымен «Күз жомарт» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыларыңызға бақыт, береке тілеймін.  
Шашу шашылып, мереке аяқталады.



Қазақстан Білім және Ғылым Министрлігі

Бекітемін:  
“Айлин” балалар  
бөбекжай бақшасы  
М.А.Давидбекова



“Қарлығаш” ересек тобы

# Ертеңгілік

Тақырыбы: “Мен мектепке барамын”

Тәрбиеші: Ермахан М.

2021-2022оқу жылы



Маржан. Қош келдіңіздер құрметті қонақтар! Міне бүгін бүлдіршіндеріміз де өсіп, ер жетіп, өмірге үлкен жолдама алып мектепке барғалы жатыр. Әріптерді танып, қалам ұстап жаза бастаған сәттен бастап балаларымыз осы балабақшамызда тәлім-тәрбие өмірлері шат күлкіге толып, мерекелер өткердік.

Маржан. Ал енді ортаға «Қарлығаш» тобының түлектерін қарсы алыңыздар.

Алғыр да, биязы жігіт **Бастарбек Шыңғыс** пен ерке де пысық ару **Берік Айару**  
Әдепті де, салмақты жігіт **Әкімхан Мирас** пен мың бұралған сүйкімді ару **Мейірбек Аруна**.

Қайсар да жайсаң жігіт **Шарапов Алинұр** мен көркем инабатты ару **Жандарбек Көзайым**.

Сабырлы да, ұяң жігіт **Пернебай Нұрмұхаммед** пен сүйкімді де ақ жарқын ару **Ахатай Аруна**.

Тапқыр, ақжүрек жігіт **Камилжанов Дамир** мен батыр да адал жігіт **Қалмырза Альтемір**.

Сабырлы да, жайсаң жігіт **Оразбай Рауан**.

**Мирас**

Біздер алты жастамыз,

Сәбиліктен асқанбыз.

Мектеп бізді шақырды

Қош бол балабақшамыз

**М. Аруна**

Ойыншықты жинаймыз,

Бөбектерге сыйлаймыз.

Оқу білім үйреткен,

Өзіңізді қимаймыз

**Алинұр**

Оқимыз білім аламыз

Болашақ жолын саламыз

Бақшаменен қоштасып

Біріншіге барамыз

**Көзайым**

Біз бақытты баламыз,  
Жетіліп ой санамыз.  
Бақшамызбен қоштасып,  
Мектепке кетіп барамыз

А.Аруна

Бұл қуаныш себебін  
Бізге қарап ұғарсың  
Ер жетті деп бөбегің  
Туған Отан қуансын.

Рауан

Біз сабақты бастаймыз,  
Қайталаудан аспаймыз.  
Есептен де қашпаймыз.  
Жазуды енді бастаймыз

Нұрмұхаммед

Ана тілін ардақтап,  
Ата салтын біз көрдік.  
Сурет салып, ән жаттап  
Оқып жазып үйрендік

Біздер алты жастамыз,  
Сәбилектен асқанбыз.  
Мектеп бізді шақырды,  
Қош бол, балабақшамыз.

**Маржан:** жарайсыңдар балалар!

*(Сикырлы ән қойылады.)*

*(Жұлдызды фея кіреді)*

*(Жұлдызды фея кіреді,, жан-жағына қарап баладарға қарайды. Қолында сыйлықтары бар)*

**Шахиста:** Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

**Жұлдызды фея:** Мен жұлдызды феямын жұлдыздырдың әлемінен келдім

**Шахиста:-** Ал сіз мұнда қалай келдіңіз?

**Жұлдызды фея:** -Жақсылық елінен, сұлулық әлемінен келдім,

Бұл жерге арманды қанаттарыммен келдім.

Мен балапандардың түрлерінен байқап қойдым,

Сендер мектепке ертерек барғыларың келіп тұрма?

**Балалар:** Иә!

**Звездная фея:** Балалар менде сыйлықтар бар, оны әрқайсыларыңа сыйлаймын.

Алдымен мен білуім керек ,балдар не біледі екенін *Столдың үстіне сыйлықтары салынған себедты қояды.*

**Маржан:** Қымбатты жұлдызды фея! Біздің балалар жарқыраған жұлдыздар.  
*(балалар ортаға шығады)*

**Би:** «Тыныш ұйқы

**Көрініс:** «Армандаймыз»

Мен Олигарх боламын,

Мені үйретсін!

Анама шуба әперемін,

Әкеме- "Джип" ең мықтысын!

Президент болу- жақсы, ал мен банкир боламын!

Ақша шығарамын, барлық факирлер сияқты.

Банк менікі болады жанып тұрған,

Барлығыңа процентке беремін!

Сендерге тек қызығы ақшаменен сөзғана,

Қарапайым сүйкімді,арманым бар өзімнің,

Бәрі таңқалатындай боламын мен педагог.

Бақшаменен мектептен басталады барлығы!

Банкирыңда ,артисыңда шығар екен осыдан.

Қамқорлығын жасайтын бұдан жақсы жұмыс жоқ!

Мен боламын педагог.

**Маржан:** Балапандарымыз өскенде барлық армандары орындалып, өмірде өз жолдарын тауып, жолдарын әрқашанда ашық болсын деп тілейміз.

**Жұлдызды фея:** Балалар мұнда біздің ата-аналарымыз отыр екен, олай болса биге, ойынға шақырсақ қалай болар екен.

*(Аналар шығады)*

Өте қызық ойын болады, дене мүшелерімен ойнау, билеу.

*(Музыка қойылады)*

*(Ата-аналарға қимылды би ойыны.)*

### **Танец: «До-ре-ми»**

**Жұлдызды фея:** Балалар, сендер мектепке не қажет екенін білесіңдерме?

*(Балалардың жауабы. Ответы детей)*

**Балалар:** Иә

**Маржан:** Біз кәзір тексеріп көреміз. Менде сөмке бар, соған мектепке қажетті құралдарды жинаймыз.

**«Сөмкені жинақта»**

*(Жұлдызды фея: сыйлықтарды тарқатып береді балаларға)*

**Балалар:** Рахмет! Спасибо!

**Жұлдызды фея :** Менің кететін уақытым болып қалды. Мені жұмыстарым күтіп тұр. Мектепте жақсы оқыңдар, әрқашанда жолдарың ашық болсын. Сау болыңдар!

**Маржан:** Балабақша сендермен

Көркейді де гүлденді.

Енді уақыт басқаша,

Білім қажет бәріңе! дей отыра бүлдіршіндеріміздің вальс биін тамашалаңыздар!

### **Би: «Вальс»**

**Жүргізуші:** Сендер үшін әрі қуанышты, әрі қимас мереке аяқталуға жақын қалды, алғаш бала - бақша табалдырығын аттаған күндерің естеріңде ме? Енді достарыңды, тәрбиешілеріңді, балабақшаны қиып кету сендерге оңай емес, дегенмен балабақшамен қоштасатын кез туды. Әндетіп қоштасайық, балалар!

